

Ақмола облысының мемлекеттік орман қорының аумағында жеке тұлғалардың өз мұқтажы үшін орман ресурстарын жинау нормаларын және мемлекеттік орман қорында және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарында орманды пайдаланғаны үшін 2017-2019 жылдарға арналған төлемақы ставкаларын бекіту туралы

Ақмола облыстық мәслихатының 2016 жылғы 12 желтоқсандағы № 6С-7-10 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 20 қаңтарда № 5724 болып тіркелді

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасы 2003 жылғы 8 шілдедегі Орман кодексінің 14 бабы 2 тармақшасына, 42 бабы 3 тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабы 5 тармағына сәйкес Ақмола облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Бекітілсін:

1) осы шешімнің 1 қосымшасына сәйкес Ақмола облысының мемлекеттік орман қоры аумағында жеке тұлғалардың өз мұқтажы үшін жабайы өскен жемістерді, жаңғақты, саңырауқұлақтарды, жидектерді, дәрілік шикізатты және өзге де орман ресурстарын жинау нормалары;

2) осы шешімнің 2 қосымшасына сәйкес Ақмола облысының мемлекеттік орман қорында және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарында екінші дәрежелі сүрек ресурстарын дайындауға төлемақы ставкалары;

3) осы шешімнің 3 қосымшасына сәйкес Ақмола облысының мемлекеттік орман қорында және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарында жанама орман пайдалануға төлемақы ставкалары;

4) осы шешімнің 4 қосымшасына сәйкес Ақмола облысының мемлекеттік орман қорының және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарының телімдерін аңшылық шаруашылығы мұқтажы үшін, ғылыми-зерттеу, сауықтыру, рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік және спорттық мақсаттарына пайдаланғаны үшін төлемақы ставкалары.

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасы Ауыл
шаруашылығы министрлігі Орман
шаруашылығы және жануарлар
дүниесі комитеті Ақмола облыстық
орман шаруашылығы және жануарлар
дүниесі аумақтық инспекциясының
басшысы

А.Дарбаев

2016 жылғы "12" 12

Ақмола облыстық
мәслихатының
2016 жылғы 12 желтоқсандағы
№ 6С-7-10 шешіміне
1 қосымша

**Ақмола облысының мемлекеттік орман қоры аумағында жеке тұлғалардың өз
мүқтажы үшін жабайы өскен жемістерді, жаңғақты, саңырауқұлақтарды,
жидектерді, дәрілік шикізатты және өзге де орман ресурстарын жинау
нормалары**

№ р/с	Орман пайдалану және ресурстар түрінің атауы	Бір адамның жинау нормасы, килограмм
1	Екінші дәрежелі сүрек ресурстарын жинау	
1.1	Қабық	10
1.2	Бұтақтар	200
1.3	Жапырақтар	10
1.4	Бүршіктер	10
1.5	Түбірлер	500
1.6	Тамырлар	200
2	Дәрі-дәрмектік өсімдіктер және техникалық шикізат жинау	
2.1	Шөптер	20
2.2	Гүлдер	10
2.3	Жапырақтар, сабақтар мен өркендер	10
2.4	Жеміс және жидектер	20
2.5	Тамырлар	10
2.6	Бүршіктер	10
3	Жанама орман ресурстарының жеке түрлерін жинау	
3.1	Жемістер және жидектер	30
3.2	Саңырауқұлақтар	50

3.3	Қыналар	50
3.4	Орман төсеніші мен жерге түскен жапырақтар	50
3.5	Қамыс	500

Ақмола облыстық
мәслихатының
2016 жылғы 12 желтоқсандағы
№ 6С-7-10 шешіміне
2 қосымша

Ақмола облысының мемлекеттік орман қорында және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарында екінші дәрежелі сүрек ресурстарын дайындауға төлемақы ставкалары

№ р/с	Екінші дәрежелі сүрек ресурстары	Өлшем бірлігі	Өлшем бірлігіне АЕК (айлық есептік көрсеткіш) түрі бойынша		
			қайың	көктере, терек, ағашқа ұқсас тал	қарағай
1	Қабық	тонна	0,016	0,011	0,021
2	Бұтақтар	тонна	0,032	0,022	0,042
3	Жапырақтар	тонна	0,024	0,016	0,031
4	Бұршіктер	килограмм	0,016	0,011	0,021
5	Түбірлер	тонна	0,008	0,005	0,010
6	Тамырлар	тонна	0,048	0,033	0,063

Ақмола облыстық
мәслихатының
2016 жылғы 12 желтоқсандағы
№ 6С-7-10 шешіміне
3 қосымша

Ақмола облысының мемлекеттік орман қорында және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарында жанама орман пайдалануға төлемақы ставкалары

№ р/с	Орман пайдалану түрінің атауы	Өлшем бірлігі	Өлшем бірлігі үшін төлем ставкасы, теңге
1	Шабындық жерлердің сапалық жай-күйінің топтары бойынша:		
1.1	жақсы (өнімділік – центріне 3,5-5,0 гектар),	Гектар	1812
1.2	қанағаттанарлық (өнімділік – центріне 2,0-3,5 гектар),	Гектар	1359
1.3	нашар (өнімділік – центріне 0,8-2,0 гектар)	Гектар	1057
2	М а л ж а ю		
	І р і м а л :		
2.1	Т ү й е	б а с	1586
2.2	І р і қ а р а	б а с	1269
2.3	Ж ы л қ ы	б а с	1269

Ұ с а қ	м а л :	634
2.4 І р і қ а р а	т ө л і б а с	634
2.5 Е с е к	б а с	1110
2.6 Е ш к і	б а с	317
2.7 Қой	бас	
3 Дәрілік өсімдіктер және техникалық шикізат:		
3.1 Шөптер, гүлдер, жапырақтар	килограмм	12
3.2 Сабақтар және өркендер	килограмм	12
3.3 Бұршіктер	килограмм	8
3.4 Тамырлар	килограмм	8
3.5 Жемістер және жидектер	килограмм	12
4 Орман ресурстарының жеке түрлерін дайындау:		
4.1 Жидектер	килограмм	120
4.2 Саңырауқұлақтар	килограмм	330
4.3 Қыналар	центнер	60
4.4 Қамыс	тонна	700
4.5 Орман төсеніші мен жерге түскен жапырақтар	центнер	40
5 Марал шаруашылығы және аң шаруашылығы	гектар	544
6 Ара ұяларын және омарталарды орнату	ұяларын	1510
7 Көкөніс өсіру, бақша өсіру және басқа ауыл шаруашылығы екпелерді өсіру, аңшылық шаруашылығы мұқтажы үшін	гектар	салық заңнамасымен анықталған жер салығының деңгейінде

Ақмола облыстық
мәслихатының
2016 жылғы 12 желтоқсандағы
№ 6С-7-10 шешіміне
4 қосымша

Ақмола облысының мемлекеттік орман қорының және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарының телімдерін аңшылық шаруашылығы мұқтажы үшін, ғылыми-зерттеу, сауықтыру, рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік және спорттық мақсаттарына пайдаланғаны үшін төлемақы ставкалары

№ р/с	Орман пайдалану түрінің атауы	Өлшем бірлігі	Өлшем бірлігі үшін төлем ставкасы, теңге
Ұзақ мерзімге пайдалану			
1	Мемлекеттік орман қоры учаскелерін аңшылық шаруашылығының қажеті үшін пайдалану	гектар	0
2	Мемлекеттік орман қоры учаскелерін ғылыми-зерттеу және сауықтыру үшін пайдалану	гектар	755
3	Мемлекеттік орман қоры учаскелерін рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік және спорттағы мақсаттар үшін пайдалану	гектар	544
Қысқа мерзімге пайдалану (1 жылға дейін)			Төлем ставкасы, АЕК (айлық есептік көрсеткіш)

1	Мемлекеттік орман қоры учаскелерін ғылыми-зерттеу және сауықтыру үшін пайдалану	1 күн	0,1
2	Мемлекеттік орман қоры учаскелерін рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік және спорттағы мақсаттар үшін пайдалану	1 күн	0,1

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК